Жалынның туындауының, электр тоғынан зақым алудың, жарақат алудың немесе шектен тыс АЖЖ-сәулеленудің әсер етуінің алдын алу үшін аспапты қолдану кезінде төменде берілген қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін ұстаныңыз:

- «ШЕКТЕН ТЫС АЖЖ-СӘУЛЕЛЕНУДІҢ ӘСЕР ЕТУ ҮЙ ҚИТИМАЛДЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ШАРАЛАР» бөлімінде берілген ережелерді оқып шығыңыз және орындаңыз.
- Аспапты 8 жастан асқан балалардың және физикалық, сенсорлық және ақыл-ой қабілеттері шектелген немесе білімі немесе тәжірибесі жетіспейтін адамдардың қандай да бір тұлғалардың қарауында болған немесе аспапты қауіпсіз қолдану жөніндегі нұсқауларды алған және оны пайдалануға байланысты қауіптерді түсінген жағдайларда ғана қолдануына болады. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз. Балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады.
- Аспап пен қорек шнурын 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерде бірге сақтаңыз.
- Қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін бүлінген қорек кабелін ауыстыруды өндіруші, авторлық құқығы бар сервис орталығы немесе білікті маман ғана орындай алады.
- **ЕСКЕРТУ!** Жарықтандыру шамын ауыстырмас бұрын аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Электр тоғынан зақым алу қауіпі бар!
- **ЕСКЕРТУ!** Қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін қысқа толқынды сәулеленуден қорғайтын қақпақты ағытып алуды талап ететін аспапты жөндеу мен қызмет көрсетуді тек сервис орталығының маманы ғана жүзеге асыра алады.

- **ЕСКЕРТУ!** Тағамдарды тығыз жабылған ыдыстарда қыздырмаңыз, өйткені олар жарылуы мүмкін.
- Тағамды пластик немесе қағаз контейнерлерде қыздыру кезінде аспапты қадағалап отырыңыз, өйткені жалындау қауіпі бар.
- Қысқа толқынды пеште қолдануға болатын ыдыстар мен керек-жарақтарды қолданыңыз.
- Егер түтін немесе өрт байқасаңыз, жалынды оқшаулау үшін пеш есігін ашпаңыз. Аспапты сөндіріңіз және ашаны розеткадан ажыратыңыз.
- Сұйықтықты қысқа толқынды пеште қыздыру кезінде қайнау кідіреді және сұйықтық сәл ғана шайқау кезінде бұлкілдеуі мүмкін, сондықтан сұйықтық құйылған ыдысты қолдану кезінде аса сақ болыңыз.
- Бөтелкедегі немесе банкадағы балалар тағамын қыздыру кезінде тамақтандыра алдында міндетті түрде араластырыңыз және баланың күйіп қалмауы үшін температурасын тексеріңіз.
- Қабығы бар жұмыртқаны және тұтастай пісірілген жұмыртқаны қысқа толқынды пеште дайындамаңыз және жылытпаңыз, өйткені ол бағдарлама аяқталған соң да жарылуы мүмкін.
- Қысқа толқынды пешті жүйелі түрде тазалап тұрыңыз. Камера қабырғаларына жабысып қалған тағам қалдықтарын тазалаңыз.
- Егер аспапты таза күйде ұстамаса, оның беті бүлінеді, бұл аспаптың қызмет ету мерзімінің қысқаруына алып келеді, сонымен қатар қауіпті жағдайдың туындауына себеп болуы мүмкін.
- Тек осы аспапқа ғана арналған термозондты қолдануға болады (термозондқа арналған қосылыспен жабдықталған аспаптарға қатысты).

- Жұмыс барысында қысқа толқынды пештің декоративтік есігі (декоративтік есігі бар пештен үшін) ашылып тұруы тиіс.
- Аспап тұрмыстық жағдайда және тұрмыстық жағдайға жақындатылған жерлерде қолдануға арналған, соның ішінде:
 - дүкендердегі, кеңселердегі асхана аймақтарында және басқа да өндірістік жағдайларда,
 - қонақүйлердегі, мотельдердегі және тұрғын үй түріндегі басқа да инфрақұрылымдағы тұрғындарға,
 - ауылшаруашылығы фермаларында,
 - ұйықтайтын және таңғы ас ішетін орындарда.
- Қысқа толқынды пеш тағамдар мен сусындарды жылытуға арналған. Тағамдарды және киімдерді кептіруге, сондай-ақ компрессорларды, аяқ киімді, губкаларды, дымқыл шүберектерді және сол сияқты заттарды қыздыру бұзылуға, жалындауға немесе өртенуге алып келуі мүмкін.
- Металл ыдысты және қысқа толқынды пеште дайындауға арналған керек-жарақтарды қолданбаңыз.
- Аспапты тазалау үшін бумен тазалағышты қолданбаңыз.
- Қызып кетудің алдын алу үшін аспапты декоративтік есіктің артына орнатуға тыйым салынады (декоративтік есігі бар аспаптарға қатысы жоқ).
- Қысқа толқынды пеш кірістірілген аспап ретінде қолдануға арналған.
- Ыдысты аспаптар алу кезінде сақ болыңыз, айналып тұрған төрелкені қозғап жібермеңіз (еденнен 900 миллиметр биіктікте қолданылатын және алмалы-салмалы айналып тұратын төрелкесі бар бөлек тұрған кірістірілетін аспаптарға қатысты; үстінен астына қарай ашылатын есігі бар аспаптарға қатысы жоқ).

- Бумен тазалағышты қолдануға тыйым салынады.
- Сақтауға арналған жәшік беттері қызып кетуі мүмкін.
- Есік әйнегін тазалау үшін абразивтік тазалау құралдарын немесе өткір металл қырғыштарды қолданбаңыз, өйткені олар беттерге сызат түсіруі және әйнектің сынуына себеп болуы мүмкін.
- **ЕСКЕРТУ!** Жұмыс барысында аспап және оның қол жетімді бөлшектері қатты қызады. Аса сақ болыңыз, ыстық бөлшектерге қолыңызды тигізбеңіз. 8 жасқа толмаған балалар тұрақты бақылауда болуы тиіс!
- Жұмыс кезінде аспап қатты қызады. Аспаптың ішіндегі қыздыру элементтеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- **ЕСКЕРТУ!** Жұмыс кезінде аспаптың қолжетімді бөліктері қатты қызуы мүмкін. Балалардың аспапқа жақын жерде жүрмеуін қадағалаңыз!
- **ЕСКЕРТУ!** Аспап аралас режимде жұмыс жасап тұрған кезде аспап ішіндегі температураның жоғары болуына байланысты балалар аспапты тек ересектердің қадағалауымен ғана қолдануы тиіс.

**НҰСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОНЫ
ОДАН АРЫ ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.**

ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУІПІН АЗАЙТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

ҚАУІПТІЛІК

Электр тоғынан зақым алу қауіпі

Кейбір ішкі бөлшектерге қол тигізу ауыр жарақат алуға немесе қаза болуға алып келуі мүмкін. Аспапты бөлшектемеңіз.

ЕСКЕРТУ!

Электр тоғынан зақым алу қауіпі

Жерге тұйықтауды дұрыс орындамау электр тоғынан зақым алуға алып келуі мүмкін. Аспап дұрыс орнатылып, жерге тұйықталмайынша, ашаны розеткаға қоспаңыз.

Аспап жерге тұйықталуы тиіс. Қысқаша тұйықталу орын алған жағдайда жерге тұйықтау электр тоғына арналған ағын жолының түзілуі есебінен электр тоғынан зақым алу қауіпін азайтады.

Аспаптың жерге тұйықталған сыммен жабдықталған қорек шнуры мен ашасы бар. Ашаны дұрыс орнатылған және жерге тұйықталған розеткаға қосқан жөн.

Жерге тұйықтау туралы нұсқауларды қосымша анықтап алу үшін, сонымен қатар аспапты жерге тұйықтау дұрыстығына қатысты күмән туындаған кезде білікті электрикке немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Қажет болған кезде тек 3 сымды ұзартқышты ғана қолдануға болады.

1. Аспап жиынтығында ұзақ шнурмен салыстырғанда байланып қалу немесе шалынып қалу қауіпін азайтатын қысқа қорек шнуры жеткізіледі.

2. Ұзын қорек шнурын немесе ұзартқышты қолданған жағдайда:
- 1) Шнурда немесе ұзартқышта көрсетілген электрлік параметрлер аспаптың электрлік параметрлерінен кем болмауы тиіс.
 - 2) Тек жерге тұйықталған 3 сымды ұзартқыштарды ғана қолдануға болады.
 - 3) Ұзын шнурды балалар тарып қалмау немесе кездейсоқ сүрініп қалмау үшін үстелден немесе жиһаз беттерінен салбырап тұрмайтындай етіп орналастырған жөн.

Тазалауды бастамас бұрын аспапты электр желісінен ажыратыңыз.

- Қолданып болған соң пештің жұмыс камерасын сәл ғана дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- Пеш жабдықтарын жұмсақ жуу құралы қосылған сумен тазалаңыз.
- Егер есік жиектемесі, нығыздағыш немесе аралас беттер ластанған болса, оларды дымқыл матамен тазалаңыз.
- Есік әйнегін тазалау үшін абразивтік тазалау құралдарын немесе өткір металл қырғыштарды қолданбаңыз, өйткені олар беттерге сызат түсіруі және әйнектің сынуына себеп болуы мүмкін.
- Тазалау бойынша кеңестер. Дайындап жатқан тағамдар тиіп кетуі мүмкін жұмыс камерасының қабырғаларын тазалауды жеңілдету үшін ыдысқа жарты лимон салып, 300 миллилитр (1/2 пинта) су қосыңыз және микротолқынның 100% қуатымен 10 минут бойы қыздырыңыз. Камераны жұмсақ құрғақ матамен сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарақат алу қауіпі

Құзыретті емес тұлғалар үшін қысқа толқынды сәулеленуден қорғайтын қақпақты ағытып алуды талап ететін жөндеу және қызмет көрсету бойынша қандай да бір жұмыстарды орындау қауіпті.

«Қысқа толқынды пеште қолдануға болатын материалдар» және «Қысқа толқынды пеште қолдануға болмайтын материалдар» бөлімінің нұсқауларын қараңыз.

Кейбір металл емес ыдыстарды қысқа толқынды пеште қолдануға болмайтын болуы мүмкін. Күмән туындаған жағдайда төменде сипатталғандай ыдысты тексеріңіз.

Ыдысты тексеру

- Қысқа толқынды пеште қолдануға болатын ыдысқа 1 стакан (250 миллилитр) салқын су құйып, пешке тексерілетін ыдыстың жанына қойыңыз.
- Ең жоғары жылдамдықта 1 минут бойы қыздырыңыз.
- Ыдысты ақырын ұстап көріңіз. Егер ыдыс қызған болса, оны қысқа толқынды пеште қолданбаңыз.
- Ыдысты 1 минуттан артық қыздырмаңыз.

Қысқа толқынды пеште қолдануға болатын материалдар

Ыдыс	Ескертпелер
Пісіруге арналған қалып	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Пісіруге арналған ыдыстың түбі айналып тұратын тәрелкеден кемінде 5 миллиметрге (3/16 дюймға) жоғары болуы тиіс. Дұрыс қолданбау бұрылатын үстелдің сынуына алып келуі мүмкін.
Асхана ыдысы	Тек қысқа толқынды пештерге арналған. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Сызат түскен немесе жарылған тәрелкелерді қолданбаңыз.
Әйнек банкалар	Өрқашан қақпағын алыңыз. Тағамдарды сәл ғана жылы күйге дейін қыздыру үшін қолданыңыз. Әйнек банкалардың көбі жылуға төзімді емес және жарылып кетуі мүмкін.
Әйнек ыдыс	Қысқа толқынды пеште тек жылуға төзімді әйнек ыдыстарды ғана қолданыңыз. Ыдыстың металл жиектемелерінің жоқтығына көз жеткізіңіз. Сызат түскен немесе жарылған ыдыстарды қолданбаңыз.
Пісіруге арналған пакеттер	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Пакеттерді металл қыстырғыштармен жаппаңыз. Бұдың шығуы үшін пакеттерді тесіп жіберіңіз немесе сәл ашылған күйде қалдырыңыз.
Қағаз тәрелкелер мен стакандар	Тек аз уақытта дайындау / қыздыру үшін қолданыңыз. Пісіру барысында қараусыз қалдырмаңыз.
Қағаз сүлгілер	Тағамның бетін жабу және майды сіңіріп алу үшін қолданыңыз. Тек жылдам дайындау үшін қолданыңыз, қараусыз қалдырмаңыз.
Пісіруге арналған қағаз	Шашырауға жол бермеу мақсатында бетін жабу үшін немесе бұмен дайындауға арналған конверт ретінде қолданыңыз.
Пластик	Тек қысқа толқынды пештерге арналған. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Бұйымдардың Microwave Safe («Қысқа толқынды пештерге арналған») таңбасы болуы тиіс. Кейбір пластик контейнерлер тағамның қызуы салдарынан жұмсарады. Пісіруге арналған пакеттерді және тығыз жабылған пластик пакеттерді тесу, кесу немесе қаптамадағы нұсқауларға сәйкес саңылаулар жасау қажет.
Тағам пленкасы	Тек қысқа толқынды пештерге арналған. Ылғалды сақтап қалу үшін дайындау барысында бетін жабу үшін қолданыңыз. Дайындау барысында тағаммен жанасуына жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек қысқа толқынды пештерге арналғандар (етке және кондитерлік бұйымдарға арналған термометрлер).
Балауыз қағаз	Шашыраудың алдын алу және ылғалды сақтап қалу мақсатында бетін жабу үшін қолданыңыз.

Қысқа толқынды пеште қолдануға болмайтын материалдар

Ыдыс	Ескертпелер
Алюминий табалар	Электр доғасының түзілуіне алып келуі мүмкін. Тағамды қысқа толқынды пештер үшін жарамды ыдыстарға салыңыз.
Металл тұтқалары бар тағам картоны	Электр доғасының түзілуіне алып келуі мүмкін. Тағамды қысқа толқынды пештер үшін жарамды ыдыстарға салыңыз.
Металл ыдыс немесе металл жиектемелері бар ыдыс	Металл тағамды қысқа толқынды сәуледен экрандайды. Металл қаптама электр доғасының түзілуін тудырады.
Металл қыстырғыштар	Қысқа толқынды пеште электр доғасының түзілуіне және жалындауға алып келуі мүмкін.
Қағаз пакеттер	Қысқа толқынды пеште жалынның пайда болуына алып келуі мүмкін.
Көбікті пластик	Жоғары температурада көбікті пластик балқып кетуі немесе ішіндегі ыдыстың ластануына алып келуі мүмкін.
Ағаш ыдыс	Қысқа толқынды пеште қолдану кезінде ағаш кебеді және жарылып кетуі немесе қатпарлануы мүмкін.

Аспап сипаттамасы

Аспапты қораптан алыңыз. Материалдардың барлығын пештің жұмыс камерасынан алыңыз.

Аспапты жеткізу жиынтығына келесілерден тұрады:



Әйнек тәрелке



Шығыршықты тұғыр




Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Айналып тұратын тәрелкенің жетегі



Грильге арналған тор (қысқа толқынмен дайындау үшін қолдануға болмайды; әйнек тәрелкеге орнатылады)




- | | |
|--|-------------------------------------|
| A Басқару панелі | D Есіктер |
| B Айналып тұратын тәрелкенің жетегі | E Есіктің қорғайтын ысырмасы |
| C Терезе | F Жұмыс камерасы |

Айналып тұратын тәрелкені орнату


Жұмыс камерасын тазалау және айналып тұратын тәрелкені орнату

Аспапты алғаш орнату кезінде тасымалдайтын қаптаманы алып тастаңыз және айналып тұратын тәрелке жетегінен пленканы алыңыз. Аспапты тағам дайындау үшін алғаш қолданар алдында айналып тұратын тәрелкені дұрыс орнатыңыз және жұмыс камерасы мен жабдықты тазалаңыз.




Айналып тұратын тәрелкені орнату тәртібі







1. Шығыршықты тұғырды ③ жұмыс камерасындағы ойыққа салыңыз.
 2. Әйнек тәрелкені ① шығыршықты тұғырға ③ орнатыңыз. Әйнек тәрелкенің төменгі бөлігіндегі томпақтарды жетектегі ойықтармен сәйкестендіріңіз. Әйнек тәрелкенің ① жұмыс камерасы түбінің ортасындағы жетекке ② сенімді орнатылғанына көз жеткізіңіз. Әйнек тәрелкенің түбіндегі томпақтар жетектегі ойықтармен толықтай сәйкес келуі тиіс.



Ескертпе

1. Аспапты ешқашан айналып тұратын тәрелкесіз қолданбаңыз. Оның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Тәрелке сағат тілі бағытында немесе қарсы бағытта айналуы мүмкін.
2. Әйнек тәрелкені ешқашан төңкеріп қоймаңыз. Әйнек тәрелкенің айналуына ешнәрсе кедергі келтірмеуі тиіс.
3. Дайындау үшін екі элементті де қолдану талап етіледі: әйнек тәрелкені және шығыршықты тұғырды.
4. Дайындау үшін барлық тағамдар мен тағамдары бар контейнерлерді әйнек тәрелкеге орнату қажет.
5. Тәрелкенің айналуына ешқандай кедергі болмауы тиіс.
6. Әйнек тәрелкеде немесе шығыршықты тұғырда сызаттар немесе жарықтар пайда болған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына жүгініңіз.



	Қысқа толқындар/Гриль/ Комби
	Салмағы/уақыт бойынша еріту
	Оятқыш/Сағат
 stop clear	Стоп/Бас тарту
 start confirm	Старт/ +30СЕК/Растау
	Есікті ашу

Аспапты қолдану

1. Сағаттар

Аспапты электр желісіне жалғаған кезде дисплейде «0:00» жанады және бір дыбысты сигнал беріледі.

- 1) Сағат функциясын таңдау үшін «Оятқыш/Сағат» батырмасын екі рет басыңыз. Дисплейде сағатты білдіретін сандар жыпылықтай бастайды.
- 2) < немесе > стрелкаларын басу арқылы сағат мәнін 0 және 23 аралығындағы диапазонға орнатыңыз.
- 3) «Оятқыш/Сағат» батырмасын тағы бір рет басыңыз, минутты білдіретін сандар жыпылықтай бастайды.
- 4) < немесе > стрелкаларын басу арқылы минут мәнін 0 және 59 аралығындағы диапазонға орнатыңыз.
- 5) Сағатты орнатуды аяқтау үшін «Оятқыш/Сағат» батырмасын басыңыз. Дисплейде қос нүкте «:» жыпылықтайды және тәуліктің ағымдағы уақыты жанады.

Ескертпе

- 1) Егер сағат бапталмаса, аспап желіге қосылған кезде ол жұмыс жасамайды.
- 2) Егер сағатты баптау процесінде «Оятқыш/Сағат» батырмасы басылмаса, 1 минуттан кейін аспап автоматты түрде бұрынғы күйіне оралады.

2. «Қысқа толқындар» режимінде дайындау

«Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «900W» көрсетіледі. «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бірнеше рет басыңыз немесе қажетті қуатты таңдау үшін < немесе > стрелкаларын басыңыз. Әр басқан сайын дисплейдегі мән өзгереді: «900W», «720W», «450W», «270W», «90W», «G», «C-1» немесе «C-2». Содан соң растау үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз және < немесе > стрелкаларымен дайындау уақытын 0:05 және 95:00 аралығында орнатыңыз. Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын тағы басыңыз.

Мысал. Қысқа толқындардың 80% қуатымен 20 минут бойы дайындағыңыз келеді.

- 1) «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «900W» көрсетіледі.
- 2) «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын немесе < немесе > стрелкаларын басу арқылы қысқа толқындардың 80% қуатын таңдаңыз.
- 3) Растау үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз, дисплейде «720W» көрсетіледі.
- 4) < немесе > стрелкаларымен «20:00» дайындау уақытын орнатыңыз.
- 5) Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз.

Ескертпе. Орнату кезінде уақыт келесі қадаммен өзгереді:

0-1 минут	: 5 секунд
1-5 минут	: 10 секунд
5-10 минут	: 30 секунд
10-30 минут	: 1 минут
30-95 минут	: 5 минут

«Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасының мәндері кестесі

Басу	Дисплей	Қысқа толқындар қуаты	Гриль қуаты
1	900W	100%	
2	720W	80%	
3	450W	50%	
4	270W	30%	
5	90W	10%	
6	G	0%	100%
7	C-1	55%	45%
8	C-2	36%	64%

3. «Гриль» немесе «Аралас дайындау» режимінде дайындау

«Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «900W» көрсетіледі. «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бірнеше рет басыңыз немесе қажетті қуатты немесе режимді таңдау үшін < немесе > стрелкаларын басыңыз. Әр басқан сайын дисплейдегі мән өзгереді: «900W», «720W», «450W», «270W», «90W», «G», «C-1» немесе «C-2». Содан соң растау үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз және < немесе > стрелкаларымен дайындау уақытын 0:05 және 95:00 аралығында орнатыңыз. Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын тағы басыңыз.

Мысал. Қысқа толқындардың 55% қуатымен немесе грильдің 45% қуатымен (C-1 режим) 10 минут бойы дайындағыңыз келеді.

- 1) «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «900W» көрсетіледі.
- 2) «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын < немесе > стрелкаларын басу арқылы «C-1» аралас режимін таңдаңыз.
- 3) Растау үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз.
- 4) < немесе > стрелкаларымен «10:00» дайындау уақытын орнатыңыз.
- 5) Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз.

Ескертпе. Дайындаудың жарты уақыты өткеннен кейін грильде қос дыбысты сигнал беріледі. Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін грильде дайындау кезінде тағамдарды төңкеріп отыру қажет. Осыдан кейін кесікті жауып, дайындауды жалғастыру үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз. Мұны жасамасаңыз, біраз уақыт өткен соң аспап жұмысты автоматты түрде жалғастырады.

4. Уақыт бойынша еріту

- 1) «Салмағы/уақыт бойынша еріту» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде «dEF2» көрсетіледі.
- 2) Растау үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз.
- 3) < немесе > стрелкаларымен еріту уақытын 00:05 және 95:00 аралығында орнатыңыз.
- 4) Жұмысты іске қосу үшін «Старт/+30CEK/Растау» батырмасын басыңыз. Уақыттың жартысы өткеннен кейін тағамды төңкеру қажеттігі туралы дыбысты сигнал береді. Мұны жасамасаңыз, біраз уақыт өткен соң аспап жұмысты автоматты түрде жалғастырады.

5. Салмағы бойынша еріту

- 1) «Салмағы/уақыт бойынша еріту» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде «dEF1» көрсетіледі.
- 2) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 3) «Салмағы/уақыт бойынша еріту» батырмасын немесе < немесе > стрелкаларын басу арқылы қажетті режимді таңдаңыз. Дисплейде мөндер ауысады: «d01», «d02», «d03» және «d04».
- 4) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 5) < немесе > стрелкаларымен тағамның салмағын орнатыңыз.
- 6) Жұмысты іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.

Мәзір	d01 Қатырылған нан	d02 Қатырылған ет	d03 Қатырылған көкөністер	d04 Қатырылған пицца
Салмағы	100-1000 г	100-2000 г	100-1000 г	100-600 г

6. Оятқыш

- 1) «Оятқыш/Сағат» батырмасын бір рет басыңыз, дисплейде «00:00» көрсетіледі.
- 2) < немесе > стрелкаларымен қажетті уақытты орнатыңыз (максималды уақыты 95 минут).
- 3) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 4) Оятқыш уақыты өткеннен кейін 5 дыбысты сигнал беріледі.

Ескертпе

Оятқыш тағайындалған уақыттың аяқталғанын хабарлайды және пешті сөндірмейді. Оятқыш жұмысы кезінде қандай да бір бағдарламаларды орнатуға болмайды.

7. Жылдам іске қосу

- 1) Күту режимінде қысқа толқындарының қуаты 100% болған кезде ұзақтығы 30 секундқа созылатын дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз. Батырманы әр кейінгі басу дайындау уақытын 30 секундтан 95 минутқа дейін көбейтеді.
- 2) Қысқа толқындардың 100% қуатымен 95 минутқа дейін дайындау уақытын орнату үшін күту режимінде < стрелкасын басыңыз. Содан соң < немесе > стрелкаларымен уақытты орнатыңыз. Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.

Ескертпе. «Қысқа толқындар», «Гриль», «Аралас дайындау», «Уақыт бойынша еріту» және «Қадаммен дайындау» режимдерінде «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын әр басу дайындау уақытын 30 секундқа көбейтеді.

8. Балалардан қорғайтын блоктау

Балалардан қорғайтын блоктауды қосу
Күту режимінде «Стоп/Бас тарту» батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Ұзаққа созылатын дыбысты сигнал беріледі және балалардан қорғайтын блоктау қосылады. Дисплейде балалардан қорғау индикациясы және ағымдағы уақыт (егер орнатылған болса) немесе «0:00» көрсетіледі.
Балалардан қорғайтын блоктауды өшіру
Блоктау режимінде «Стоп/Бас тарту» батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Ұзаққа созылатын дыбысты сигнал беріледі және балалардан қорғайтын блоктау өшеді.

9. Қадаммен дайындау

Бұл режим әр қайсысын өз параметрімен бірінен кейін бірі жүретін 2 дайындау кезеңін орнатуға мүмкіндік береді. Егер дайындау ерітуден тұратын болса, бұл кезең бірінші орнатылады. Қадаммен дайындау үшін оятқышты орнату және автоматізір бағдарламаларын қолдану мүмкін емес. «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын әр басу дайындау уақытын 30 секундқа арттырады (салмақ бойынша ерітуден басқа).

Мысал. Салмағы 500 граммды құрайтын тағамды «d01» бағдарламасының көмегімен ерітіп, содан соң қысқа толқынның 80% қуатымен 7 минут бойы дайындауды қалайсыз.

- 1) «Салмағы/уақыт бойынша еріту» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде «dEF1» көрсетіледі.
- 2) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 3) < немесе > стрелкаларымен немесе «Салмақ/уақыт бойынша еріту» батырмасымен «d01» бағдарламасын таңдаңыз.
- 4) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 5) < немесе > стрелкаларымен «500 g» тағам салмағын орнатыңыз.
- 6) «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде «720W» көрсетіледі.
- 7) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 8) < немесе > стрелкаларымен «07:00» дайындау уақытын орнатыңыз.
- 9) Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз. Дыбысты сигнал беріледі және дайындаудың бірінші кезеңі басталады. Содан соң дайындаудың екінші кезеңінің басталғаны туралы хабарлайтын дыбысты сигнал қайта беріледі. Дайындау аяқталғаннан кейін 5 дыбысты сигнал беріледі.

10. ECO режимі

ECO режимін қосу

Күту режимінде «Стоп/Бас тарту» батырмасын басыңыз, энергияны үнемдейтін режим қосылады. Дисплей сөнеді.

ECO режимінен шығу

ECO режимінде кез келген батырманы, < немесе > стрелкаларын басыңыз немесе есікті ашыңыз, энергияны үнемдейтін режим өшеді.

11. «Дыбыссыз» режимі

«Дыбыссыз» режимін қосу

Күту режимінде «Оятқыш/Сағат» батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Ұзаққа созылатын дыбысты сигнал беріледі және «Дыбыссыз» режимі қосылады. Бұл режимде батырмаларды басқан кезде дыбысты сигнал берілмейді.

«Дыбыссыз» режимін өшіру

«Дыбыссыз» режимінде «Оятқыш/Сағат» батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Ұзаққа созылатын дыбысты сигнал беріледі және «Дыбыссыз» режимі өшеді.

12. Aquaclean функциясы

Aquaclean функциясын қосу.


Күту режимінде «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз. Ұзаққа созылатын дыбысты сигнал беріліп, Aquaclean функциясы іске қосылады.

Ыдысқа 200 миллилитр су құйып, пешке салыңыз. Aquaclean функциясын іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз. Aquaclean функциясы қысқа толқындардың 900 Ватт қуатымен 5 минут бойы жұмыс жасайды. Функция параметрлерін өзгерту мүмкін емес.



13. Дайындау кезіндегі ақпарат

- 1) «Қысқа толқындар», «Гриль» немесе «Аралас дайындау» режимдерінің жұмысы кезінде «Қысқа толқындар/Гриль/Комби» батырмасын басқан кезде дисплейде 3 секунд бойы қуаттың ағымдағы деңгейі көрсетіледі. 3 секундтан кейін дисплей бұрынғы күйіне оралады.
- 2) «Оятқыш/Сағат» батырмасын басқан кезде дайындау барысында дисплейде 3 секундқа уақыт көрсетіледі.


14. Есікті ашу


Есікті ашу үшін  батырмасын басыңыз.

Ескертпе

Дисплейде «Е-3» қате коды көрсетілуі мүмкін. Егер  батырмасын басқан кезде есік ашылмаса, оның дұрыс жабылғанын тексеріңіз, егер жабылмаса, оны дұрыс жабу үшін есікті итеріңіз. Егер есік жабылып тұрса, бірақ  батырмасы іске қосылмаса, аспапты электр желісінен ажыратыңыз, есікті сорғыш көмегімен ашып, қайта жабыңыз, содан соң аспапты қайтадан электр желісіне жалғаңыз. Есік жұмысы қалпына келеді.

15. Сорғыш

Егер есіктер  батырмасының көмегімен ашылмаса, есікті ашу үшін төмендегі суретте көрсетілген сорғышты қолданыңыз.



16. Автомәзір

- 1) > стрелкасын басып, «А-1» және «А-15» аралығындағы бағдарламаны таңдаңыз.
- 2) Растау үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.
- 3) < немесе > стрелкаларымен салмақты автоматты бағдарламаларының кестесіне сәйкес таңдаңыз.
- 4) Дайындауды іске қосу үшін «Старт/+30СЕК/Растау» батырмасын басыңыз.

Бағдарламалар кестесі

Мәзір	Салмағы	Дисплей
А-1 Пицца	200 г	200g
	400 г	400g
А-2 Тағамдарды жылыту	200 г	200 g
	400 г	400 g
	600 г	600 g
А-3 Шоколадты еріту	100 г	100 g
	150 г	150 g
	200 г	200 g
А-4 Сары майды еріту	100 г	100 g
	150 г	150 g
	200 г	200 g
А-5 Ет (сиыр еті)	250 г	250 g
	350 г	350 g
	450 г	450 g
А-6 Ет (шошқа еті)	250 г	250 g
	350 г	350 g
	450 г	450 g
А-7 Ет (тауық еті)	250 г	250 g
	350 г	350 g
	450 г	450 g
А-8 Көкөністер	200 г	200 g
	300 г	300 g
	400 г	400 g
А-9 Макарондар	50 г (+ 450 г салқын су)	50 g
	100 г (+ 800 г салқын су)	100 g
А-10 Картоп	200 г	200 g
	400 г	400 g
	600 г	600 g
А-11 Балық	250 г	250 g
	350 г	350 g
	450 г	450 g

Мәзір	Салмағы	Дисплей
А-12 Сорпаны жылыту	200 мл	200
	400 мл	400
	600 мл	600
А-13 Попкорн	100 г	100
А-14 Тауық етінен наггетстар	200 г	200 g
	400 г	400 g
	600 г	600 g
А-15 Тартылған ет	4	4

Орнату жөніндегі нұсқаулық

Орнату және жалғау

- Аспап тек тұрмыстық қолдануға ғана арналған.
- Аспап тек кірістірілген аспап ретінде ғана қолданыла алады. Аспап үстел бетіне немесе шкафқа бекітпей орнатуға және қолдануға арналмаған.
- Орнату жөніндегі нұсқаулықтың нұсқауларын орындаңыз.
- Аспапты ені 60 сантиметр болатын аспалы шкафқа кірістіруге болады.
- Аспап ашасы бар қорек шнурымен жабдықталған және дұрыс орнатылған, жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғануы тиіс.
- Желі кернеуі аспаптың зауыттық кестесінде берілген кернеуге сәйкес келуі тиіс.
- Розетканы орнатуды және қорек шнурын ауыстыруды тек білікті маман ғана орындай алады. Егер орнатқаннан кейін ашаға қол жетімсіз болса, электр сымда барлық полюстерде контакттарды кемінде 3 миллиметрге ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқыш қарастыру қажет.
- Адаптерлерді, ажыратқыштарды және ұзартқыштарды қолдануға болмайды, өйткені олардағы шектен тыс жүктеме жалынның туындауына алып келуі мүмкін.

Жұмыс кезінде аспаптың қолжетімді беттері қатты қызуы мүмкін.




Орнатуды бастамас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.


Назар аударыңыз!
Электр желісіне жалғау

Аспап ашасы бар қорек шнурымен жабдықталған және дұрыс орнатылған, жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғануы тиіс. Қолданыстағы талаптарға сәйкес розетканы орнатуды және қорек шнурын ауыстыруды тек білікті маман ғана орындай алады. Егер орнатқаннан кейін ашаға қол жетімсіз болса, электр сымда барлық полюстерде контакттарды кемінде 3 миллиметрге ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқыш қарастыру қажет.

-  А бұрандасы
-  В бұрандасы
-  Монтаждайтын
пластина
-  Бітеме
-  Сорғыш



Монтаждауды бастамас бұрын асхана шкафының аспап айналасындағы артқы қабырғасын ағытып алу қажет. Орнатудың минималды биіктігі: 85 сантиметр. Желдету саңылауларын және ауа жинайтын жерлерді бітемеңіз.




Ескертпе


Орнатудың екі нұсқасында да қапсырманы және шкаф түбінің шаблонын қолдану қажет.

Шкафты дайындау


1. ШКАФ ТҮБІНІҢ ШАБЛОНЫНДАҒЫ нұсқаулықты оқып шығыңыз және шаблонды шкаф түбіне қойыңыз.




2. Шкаф түбінде шаблондағы «а» белгілері бойынша белгілер салып алыңыз.




3. Шаблонды алыңыз және А бұрандасымен монтаждау пластинасын бұраңыз.



Аспапты монтаждау



1. РЕТТЕЙТІН А БҰРАНДАСЫН аспаптың ЖОҒАРҒЫ АУА КАНАЛЫНА бекітіңіз және аспапты шкафқа орнатыңыз.
 - А РЕТТЕУ БҰРАНДАСЫНЫҢ биіктігін А РЕТТЕУ БҰРАНДАСЫ мен шкафтың жоғарғы панелінің арасында 1 миллиметр саңылау қалатындай етіп реттеңіз.
 - Қорек шнурын қысып қалмаңыз және майыстырмаңыз.
 - Аспаптың шкаф ортасына орнатылғанына көз жеткізіңіз.



2. Есікті жабыңыз. В БҰРАНДАСЫН БЕКІТУ САҢЫЛАУЫНА бұрау арқылы аспапты шкафқа бекітіңіз. Содан соң БЕКІТУ САҢЫЛАУЫН БІТЕМЕМЕН жабыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі: BM251SG2BG/WG
Номиналды кернеу: 230 В ~ 50 Гц
Номиналды кіріс қуаты (қысқа толқындар): 1450 Вт
Номиналды шығыс қуаты (қысқа толқындар): 900 Вт
Номиналды кіріс қуаты (гриль): 1000 Вт

Ақаулықтарды жою

Қалыпты жұмыс жасау	
Қысқа толқынды пеш ТВ сигналын қабылдауға кедергі келтіреді.	Пеш жұмысы барысында радио- және ТВ сигналдарын қабылдау нашарлауы мүмкін. Бұл миксер, шаңсорғыш және желдеткіш сияқты шағын тұрмыстық электрлік аспаптардың кедергілеріне ұқсас. Бұл қалыпты жағдай.
Қысқа толқынды пеш жарығы әлсіз.	Қысқа толқындардың аз қуатымен дайындау кезінде пеш шамының жарығы нашарлауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Есікте бу пайда болады, желдету саңылауларынан ыстық ауа шығады.	Дайындау барысында тағамнан бу бөлінуі мүмкін. Оның көп бөлігі желдету саңылаулары арқылы шығады. Дегенмен пештің есігі сияқты салқын беттерге шөгеді. Бұл қалыпты жағдай.
Қысқа толқынды пешті кездейсоқ тағамсыз қосып жіберген.	Пешті тағамсыз іске қосуға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою
Қысқа толқынды пеш қосылмайды.	(1) Қорек шнуры розеткаға толықтай тығылмаған.	Қорек шнурын розеткадан ажыратыңыз. 10 секунд өткен соң оны кейін қарай салыңыз.
	(1) Сақтандырғыш күйіп кеткен немесе автоматты өшіргіш іске қосылды.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты өшіргішті бастапқы күйіне қайтарыңыз (жөндеуді біздің компаниямыздың мамандары жүзеге асырады).
	(2) Розеткада мәселелер туындады.	Розетканы басқа электрлік аспаптар көмегімен тексеріңіз.
Қысқа толқынды пеш қыздырмайды.	(3) Есік нашар жабылған.	Есікті дұрыстап жабыңыз.



Электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтары туралы директиваға (WEEE) сәйкес оны жинау және қайта өңдеу бөлек жүргізілуі тиіс. Егер болашақта бұйымды лақтыру қажет болса, оны тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Бұйымды электрлік және электрондық жабдықтардың қалдықтарын қабылдау орындарына тапсырыңыз.

Кепілдік және сервис

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда өз еліңіздегі Gorenje қолдау қызметіне хабарласыңыз (телефон нөмірлері кепілдік міндеттемелерінде көрсетілген). Егер еліңізде мұндай қызметтер болмаса, жергілікті Gorenje сауда ұйымына немесе Gorenje сервис орталығына хабарласыңыз.

Бір дизайн-желі аясындағы аспаптар мен олардың бөлшектері түстері бойынша сәл ғана өзгеше болуы мүмкін, бұл түрлі параметрлерге негізделген болуы мүмкін, мысалы, көру бұрышының түрлілігі, фон, материалдар және бөлмені жарықтандыру.

Тек жеке қолдануға арналған!

Қысқа толқынды пеште дайындау туралы қосымша ұсыныстарды және пайдалы кеңестерді мына сайттан табуға болады:

<http://www.gorenje.com>

**АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ
ТІЛЕЙМІЗ!**

gorenje

Өндіруші пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға кез келген өзгерістер және түзетулер енгізуге құқылы.